

ЕЛ БАЙЛЫФЫ

«Жер – ата-баба мұрасы, халық қазынасы». Оны болашақ үрпаққа миравету – ортақ борышымыз екенін түсінуіміз қажет және жердің өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, оны күтіп – баптау, жерден мол өнім алу өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

ЕЛІН - ПАНАН, ЖЕРІН - АНАН

Жер – ауыл шаруашылығы өндірісінің негізгі және таптырмайтын құралы. Ол басқа өндіріс құралдарынан езінің шектеулі кеңістігімен және алмастырылмайтынымен ерекшеленеді. Сондықтан оны сақтау және баптау қажет. Барлық агротехникалық және мелиоративтік іс-шаралар топырақтың (жердің) қасиеттері мен олардың қалыптасу ерекшеліктерін ескере отырып жүргізуі тиіс. Табиғи жағдайда топырақта болатын процестерді және адамның шаруашылық әрекетінің асерінен болуы мүмкін егерістерді білуіміз қажет. Жерді, яғни топырақты жақсарту мәселелері жер ғылыми зерттеушілердің практикалық қызметінің негізін қурайды.

Еліміздің заман талабына сай нарықтық экономикаға көшүіне байланысты, республикамыздагы ауылшаруашылық мақсаттарғы жерлері негізінен мемлекеттік емес субъектлердің (жекеменшік) иелігіне көшкені белгілі. Сәйкесінше, ауылшаруашылық жерлерінің 98 пайзынан астамы, яғни 207 мың шаруда қожалықтары және 7,1 мың шаруашылық серіктестіктер, акционерлік қоғамдар мен ауылшаруашылық кооперативтерінің иелігінде. Сондықтан өз иеліктеріндегі жерлерді тиімді пайдалану мен оларды қорғау аталған субъектлердің басты мүддесі мен міндеті.

Ауылшаруашылық жерлерін тиімді пайдалануда шаруашылықтарының жер

көлемі, ауылшаруашылық мәшинелерін пайдалану тиімділігі мен ауыл шаруашылығын өнеркәсіптік жүйеге бейімдеуге және де жаңа технологияларды енгізуге айтарлықтай әсерін тигізеді деп атауға болады.

Ауыл шаруашылығында жерді өңдеудің маңызы, ең алдымен, оның топыраққа механикалық әсер етудің негізгі мәселелерін шешуде, яғни өсірілетін дақылдардың өсуі мен дамуына онтайлы жағдай жасауда қаншалықты сәтті пайдаланылатындығымен сипатталады. Осы мәселені жүзеге асыру үшін, ауылшаруашылық дақылдарын өсіруге жұмысалатын энергия шығынының шамамен 40%-ы және еңбек ресурстарының 25%-ы жүмсалады. Сондықтан, агроландшафттың экологиялық тұрақтылығын сақтау кезінде жеке дақылдар үшін топырақ өңдеу технологиясын жетілдіру, қазіргі заманғы ауыл шаруашылығының маңызды мәселелерінің бірі болып табылады.

Ғылыми зерттеулер мен практиканың негізгі бағыттары топырақтың қуарлылығын сақтап қалатын, өсімдіктердің өсуі мен дамуы үшін онтайлы жағдай жасайтын, ауыл шаруашылығы дақылдарының шығымдылығын арттыруды қамтамасыз ететін өңдеу тәсілдері мен жүйелерінің әзірленуін көздеуі тиіс.

Ауыл шаруашылығы да-мұның ар кезеңінде топырақ өңдеу әдістері ауыл шаруашылығы машиналары-

мен және қазіргі заманауи құралдармен жүзеге асырылады.

Максималды өнім алу үшін егін салар алдында, дақылдарды күтіп-баптау кезінде және егінді жинап алғаннан кейін топырақты дер кезінде және сапалы өңдеу жұмыстарын үйимдастыруды қалыптастыру қажет.

Ауылшаруашылық машиналары мен құралдарының жұмыс органдары әсер еткенде, орындалатын технологиялық процестерді терең білү негізінде ғана топырақты өңдеудің дұрыс әдісін тандауға болады. Олардың негізгілері: жер жырту, қопсыту, тармалау, нығыздау, тегістеу, арамшөптерді кесу, жалдар мен жоталар жасау, т.б.

Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің бүкіл вегетациялық кезеңіне онтайлы жағдай жасау үшін топырақтың физикалық қасиеттеріне, арамшөптермен ластануына, механикалық құрамына, эрозиясына және дақылдарды өсіру технологиясына байланысты барлық өңдеу әдістері қабылданған жүйе бойынша ретімен орындалуы тиіс.

**Бекзатхан КУЛТАСОВ,
М.Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан
университеті
«Су ресурстары, жерді
пайдалану және
агротехника»
кафедрасының ага
оқытушысы,
PhD докторы**